ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

**НҰРБОСЫНОВА Ж.Н**

**5В050900- «Қаржы» (бакалавриат) мамандығының студенттеріне арналған диплом алды тәжірибеден өту бойынша**

# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

АҚТАУ-2012ж

ӘОЖ 378: 336(076)

Құрастырған: Нұрбосынова Ж.Н.
5В050900- «Қаржы» (бакалавриат) мамандығының студенттеріне арналған диплом алды тәжірибеден өту бойынша әдістемелік нұсқау,- Ақтау, КМТжИУ 2012ж., 30-бет.

Әдістемелік нұсқау диплом алды тәжірибеден өтетін студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқауда тәжірибеден өту кезінде жазылатын есептеменің мақсаты, талаптары және оны қорғау ережелері қарастырылған.

Сын пікір беруші: э.ғ.к. Қадырова Г.М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу - әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТжИУ,2012

## МАЗМҰНЫ

**Алғы сөз....................................................................................................4**
**I. Жоғарғы кәсіби білім беру жүйесіндегі диплом алды тәжірибеден өтудің орны және мақсаты, міндеттері...............................................................5**
**II. Тәжірибеге жетекшілік, өту тәртібі және ұйымдастыру.............................6**
**III. Практикант студенттердің міндеттері........................................................8**
**IV. Диплом алды тәжірибеден өтудің мазмұны................................................8**
4.1 Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторының кәсіпорындарында (компанияда) диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы...........................................................................................................8
4.2 Қазақстан Республикасы коммерциялық банктерінде диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы.........................................................12
4.3 Қазақстан Республикасы салық комитеттерінде диплом алды тәжірибеден өтудің мазмұны және бағдарламасы...................................................................17
4.4 Қазақстан Республикасы сақтандыру компанияларында диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы.........................................................20
4.5 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Орталық аппаратында диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы...........................21
4.6 Қазынашылық органдарында диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы..................................................................................................22
4.7Жинақтаушы зейнет ақы қорларында (ЖЗҚ) диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы.........................................................................23
4.8 Пайлық инвестициялық қорларда диплом алдындағы тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы..................................................................................................24
**V. Диплом алды тәжірибе жөнінде есепті қарастыру және қорғау................25**
**VI. Диплом алды тәжірибеден өту туралы есепті қорғау..............................27**
**Қосымша**...........................................................................................................28

## Алғы сөз

Диплом алды тәжірибеден өтудің мақсаты болып теоретикалық білімді одан ары тереңдету және нақтылау, сонымен қатар «Банк ісі» және «Қазынашылық» мамандықтары студенттері үшін қажетті тәжірибелік қабілеттілікті үйрену болып табылады.

Диплом алды тәжірибенің басталуынан екі-үш күн бұрын студенттердің «Қаржы» кафедрасынан тағайындалатын тәжірибе жетекшілерімен жиналыс жүргізіліп, кафедрада бекітілген бұйрық бойынша студенттер тәжірибе өтетін орындарға жіберіледі.

Студенттерді тәжірибе мақсатымен, орындардағы жұмыстардың мазмұнымен, оқу жоспарында белгіленген тәжірибені өту уақытымен, диплом алды тәжірибелер бойынша есетемелерді топтар бойынша тәжірибе жетекшілеріне өткізу кестесімен және тәртібімен таныстыру қажет. Студенттерді банк ісі бойынша диплом алды тәжірибеден өту бағдарламасымен қамтамасыз ету алдағы дипломдық жұмысты орындау кезеңінде оң нәтиже береді.

**І. Жоғарғы кәсіби білім беру жүйесіндегі диплом алды тәжірибеден өтудің орны және мақсаты, міндеттері.**

Дилом алды тәжірибе 5В050900 «Қаржы» мамандығы бойынша жоғарғы экономикалық білім беру мамандарын дайындауда Мемлекеттік білім беру стандарттарында қарастырылған жоғарғы кәсіби білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Дилом алды тәжірибе білім берудің соңғы семестрде жүргізіді және 10 аптасын құрайды. Дилом алды тәжірибе өтуіне теориялық курсты тыңдаған және мамандықтың оқу жоспарында қарастырылған барлық қорытынды бақылаудың нысанын (емтихан, курстық жұмыс) ойдағыдай тапсырған студнттерге рұқсат етеледі.

ЖОО ын бітірушілеріне нарық еңбегі жағынан артқан талаптар кадрларды даярлауда жоғары технологияны, ғылыми негізделген жүйені құруды талап етеді. Онда маңызды орынды тәжірибелік оқу формасына беріледі.

Студенттердің тиімді нақты ұйымдастырылған диплом алды тәжірибесі студенттердің академиялық білім беру және тәжірибелік қызметтің кейбір үзілісін қысқартуға мүмкіндік береді.

Студенттердің дилом алды тәжірибесі-бұл оқу жоспарымен сәйкес жүргізілетін және студенттерге мамандық бойынша тәжірибелік білім және жұмыстың дағдыларын алуға мүмкіндік беретін, теориялық білімдерін шыңдайтын, ЖОО және студенттердің өздерінің ұйымдармен және кәсіпорындармен қажетті іскерлік байланыстарды орнатуға мүмкіндік беретін оқу үрдісінің ажырамас бөлігі.

Күрделі экономикалық жағдайлардағы ұйымдар, кәсіпорындар, фирмалар және компанялардың қаржыларын табысты басқару аналитикалық қабілеттері және практикалық дағдылары теориямен ұштасатын, жан жақты және терең кәсіби білім алу қаржы қызметі мамандарынан талап етеді. Бұл маңызды орынға тәжірибелік оқу формасына берілетін ғылыми қисынды жүйесіз кадрларды даярауға қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан, студенттердің диплом алдындағы өндірістік тәжірибесі жоғары кәсіби білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Студенттердің диплом алды тәжірибесі жоғары оқу орынындағы білім алудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады және келесі түпкі мақсаттарға қол жеткізуді қарастырады:

. таңдаған мамандық бойынша нақты қаржы экономикалық есептерді шешу барысында практикалық дағдыларын алу және дамыту теориялық білімді нығайту және бекіту;

. компанияда ұйымдастырушылық жұмыстар мен ғылыми зерттеу тәжірибелерін жинақтау;

. бітіруші кәсіби жұмысты, практиканың өтуі туралы есепті сонымен қатар тәжірибеде анықталған өзекті қаржы проблемалары бойынша ғылыми баяндама жау үшін қажетті материалдарды жинау, жалпылау, талдау және жүйелеу;

. қаржы ресурстарын басқаруды ұйымдастыру және есеп беру мәселерді әзірлеуді шешуде сынақ жүргізудің дағдыларын дамыту және зерттеу әдістемесін меңгеру.

***Алға қойылған мақсаттар келесі міндеттерді шешуді қарастырады:***

. кәсіпорындарда, ұйымдарда немесе практиканы өтудің басқа орындарында қаржы және бақылау аналитикалық жұмыстың барлық бағыттарының мазмұнын терең игеруі;

. практика өтуі ұйымдастырылған компанияның (басқару, департамент) қаржы бөлімінің қызметіне тікелей қатысуы;

. практика бағдарламасының орындалуы;

. өзі таңдаған тақырыптың дербес ғылыми зерттеу шеңберінде бітіретін мамандыққа қатысты (дипломдық) жұмыстың жеке тапсырмасының орындауы;

. өндірістік диплом алдындағы тәжірибенің өтуі туралы жазбаша есепті әзірлеу.

Студенттер практиканы өткеннен кейін ЖОО да өздерінің білім алуларын аяқтау кезеңдеріне кіріседі жинақталған нақты материалдарға негізделген дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға.

Осы оқу әдістемелік құралы «Қаржы» мамандығы бойынша білім алушыларға диплом алды тәжірибені өтуді ұйымдастыру және есебін дайындау үшін студенттерге көмек көрсету мақсатында ақпарттық база ретінде әзірленген.

**II. Тәжірибеге жетекшілік, өту тәртібі және ұйымдастыру**

Диплом алды тәжірибе экономиканың нақты және қаржы секторларының әр түрлі шаруашылық субъектілерінде, мемлекеттік басқару органдарында ұйымдастырылды. (Қаржы Министрлігі, қаржы органдары, ҚР Ұлттық банкі, ЖЗҚ, компаниялармен коммерциялық банктер).

Осы бағдарлама өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындар, сауда саттық, құрлыс, көлік ұйымдарында және компанияларда, акционерлік қоғамдар, өндірістік және басқа шаруашылық ұйымдық – құқықтық құрылымдарда, Қазақстан Республикасы экномикасының нақты секторындағы коммерциялық және өндірістік қызметтерді қамтамасыз ететін өндірістік диплом алдындағы тәжірибені өтулерінде іске асырыла алады.

Студенттердің тәжірибенің сапалы өтуі мақсатында, әдеттегідей , дербес қаржы бөлімдері бар (басқару, департамент) немесе басқа құрылымдардың құрамында қаржы басқаруы бойынша (топ) бөлімшелер бар (экономикалық бөлім, бухгалтерия және т.б) кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

Тәжірибе базасын таңдау «Қаржы» кафдрамен келісім бойынша студентпен өз алдына іске асады.

Тәжірибенің өту базасы және тәжірибе базасы – (ұйым) кәсіпорыннан студент ұсынылатын кепілдік хаттың негізінде университет бойынша бұйрықпен іске асады.

Тәжірибе мерзімдері Ш. Есенов атындағы КМТжИ ректоры бұйрығымен анықталады.

Студенттің меңгеруіне тиісті, барлық атқаратын жұмыстардың түрлерін қоса және нақты жағдайларға қолданылатын тәжірибені өту бойынша жеке күнтізбелік жоспар тәжірибенің жетекшілерімен әрбір студентпен бірге құрылады. Онда қаржы құрылымының бөлімшесі, жұмыстың мазмұны және орындаудың мерзімдері көрсетіледі. Ресми мүмкіндік беретін (ұйым неесе

фирма) кәсіпорын жетекшісімен күнтізбелік жоспарды бекіту басқа қажетті бөлімшелердің қызметімен танысу үшін орынды.

Әрбір студент тәжірибеден өту мерзімінде күнделік жүргізеді, онда атқарылған жұмыстың мерзімі мен көлемі көрсетіледі. Күнделік тәжірибе базасының жетекшімен үнемі тексеріледі және қол қояды.

Ш. Есенов атындағы КМТжИ жағынан жалпы оқу - әдістемелік жетекшілікті «Қаржы» кафдрасы жүзеге асырады.

Тәжірибенің өтуіне жетекшілік және бақылау кафедрадан тағайындалған тәжірибе жетекшісіне және сәйкесінше кәсіпорын,ұйымнан тағайындалған тәжірибе жетекшісіне тапырылады.

Кафедрадан тәжірибенің жетекшісі келесі функцияларды орындайды:

. нақты жағдайлармен бағдарламаға сәйкес тәжірибеі өту бойынша күнделікті жүргізу, күнтізбелік тақырыптық жоспарды құру мәселелері бойынша студентерге кеңес беру;

. бітіретін мамандыққа қатысты жұмысқа арналған материалдарды жинау бойынша студентке жеке тапсырма әзірлейді.

. тәжірибенің барлық мәселелері бойынша студенттерге кеңес береді;

. өндірістік тәжірибенің өтуінің қорытындысы бойынша есеп беру, дипломдық жұмысты жазуы үшін материалдарды жинау және талдау бойынша әдістемелік көмек береді;

. өндірістік тәжірибе бойынша студенттің есеп беруіне қысқаша пікір береді;

. есеп беру нәтижелерінің қабылдауын жүзеге асырады, олардың сапасын тексереді және істелінген жұмысты бағалайды.

Кәсіпорыннан (ұйым, фирма) тәжірибесінің жетекшісінің функциясына мыналар кіреді:

. осы бағдарлама көлемінде тәжірибені ұйымдастыру;

. әрбір жұмыс орнындағы кәсіби мамандардың ішінен жетекшілерді таңдап алу және олардың практиканттармен жұмысына бақылау;

. жұмыс орны бойынша студенттерді бөлу;

. студенттердің жұмысының дұрыс жағдайын қамтамасыз ету:оларды орналасыру, нақты материады алу үшін көмек көрсету, кеғес беруді ұйымдастыру және т.б.

.пәннің қызметтік қатынасындада тәжірибенің бағдарламасының орындалуының қатынасындада, тәжірибенің бағдарламасының орындауының қатынасындада студенттерге тиісті талапкершілікті қамтамасыз ету;

.әрбір студенттің жұмысы туралы пікір құрастыру. Пікірде студенттің тәжірибе бағдарламасын орындау деңгейі мен сапасы, оның жұмысқа қатынасы, талаптылық, творчествалық белсенділік, қаржыны басқарудың кәсіби мәселелерін шешуге бағытталған ұсыныс беру қабілеттілігі, еңбек тәртібі өндірістік дағдыларды меңгеру, кәсіби дайындық деңгейі атап өтіледі.

.есеп беруге әзірленген диплом алды тәжірибені өту бойынша есеп берудің ақырғы нұсқасын тексереді.

**III. Практикант студенттердің міндеттері**

Диплом алды тәжірибеден өту барысындағы студенттің міндеті:

. тәжірибелік жұмысты үйрену және дағдылану;

. жұмыс істейтін жұмыс тәртібінің практика базасы;

. қолданыстағы практика базасының жұмыс режимін, ішкі тәртіптің ережесі және техника қауіпсіздігін сақтау;

. практика бағдарламасында қарастырылған практиканы өту жоспарымен күнтізбелік жоспарды, тапсырмаларды уақытында және толық көлемде орындау;

. кафедрадан және тәжірибе базасынан тәжірибе жетекшілерінің нұсқаулықтарын орындау;

. кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың қоғамдық өміріне қатысу;

. атқарылатын жұмысқа және оның нәтижелеріне жауапкершілік;

. жұмыстың негізгі кезеңдерін қарастыратын (күнделік кәсіпорыннан практика жетекшісімен қол қоюы керек) бекітілген нұсқа бойынша күнделікті жүргізу;

. практиканың нәтижелері бойынша кафедра бекітілген мерзімде және нысанда есеп беру және оны қорғау. Есеп берумен бірге кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісімен студент практикантқа берілге мінездемені ұсыну;

. кафедрадан жетекшінің жеке тапсырмасын орындау;

. бітіру кәсіби (дипломдық) жұмысты жазу үшін тәжірибелік материалдар, қажетті ақпараттарды жинау, жүйелеу және талдау;

Диплом алдындағы тәжірибенің бағдарламасын орындамаған студент дипломдық жұмысты қорғауға және мемлекеттік емтихандарды тапсыруға рұқсат етілмейді.

**IV. Диплом алды тәжірибенің мазмұны**

Орындалатын жұмыстың тізімі мен мазмұны диплом алды тәжірибеден өту базасының қызметімен негізделеді және оның тізімі төменде көрсетілген.

**4.1 Қазақстан Республикасы экономиканың нақты секторының кәсіпорындарында (компанияда) диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы**

| | **Жұмыстың мазмұны мен атауы** |
|---|---|
| 1 | Шаруашылық субектінің қызметімен танысу: миссиясы, стратегиялық мақсаты, міндеттері, қызметтүрлері |
| 2 | Компанияның Жарғысының мазмұнын және оны құру мен қызмет етуі бойынша нормативтік құжаттарды оқу. Кәсіпорынның (басқару) қаржы экономикалық бөлімдерімен танысу: міндеттері, функциялары, құрылымы, қызметкерлердің міндеттері, лауазымдық қызмет нұсқаулығы, басқа службалармен өзара байланысы |
| 3 | Кәсіпорындағы қаржылық қызметтер, қаржы менеджері қызметінің негізгі бағыттарын, күрделі және ағындағы жоспарлау бөлімі |

| | |
|---|---|
| | талдау, қаржылық есеп қисап бөлімдері, салық есебі бөлімі операциялық (өндірістік) шығындар есебі бөлімі, бухгалтрия, ақша ағындары қозғалысын бақылау және т.б (ірі және орта кәсіпорындар үшін) және шағы кәсіпорындар үшін қаржылық (бухгалтерлік немесе экономикалық) бөлім қызмекерлерінің жұмысын зерделеу |
| 4 | Құқықтық бөлім жұмыстарын ұйымдастырумен танысу, қржы кредиттік мекемелермен, сатып алушылармен жабдықтаушылар арасындағы келісімнің (шарт) ережелері.<br>Маркетинг және өткізу бөлімдері жұмыстарын ұйымдастырумен танысу. Өткізу арнасы. Компанияның қызмет көрсетулері мен тауарларын сипаттамалы жариялау.<br>Өндірістік бөлім жұмыстарын ұйымдастырумен танысу. Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын, өндірістік негізгі қорларының (жаңарту істен шығуы, амортизацияны есептеу) қозғалысын және жағдайын талдау. Өндірістік қорлармен(шикі зат, материалдармен) қамтамасыз етілуі. Еңбек ресурстары.<br>Тәуекел менеджмент жұмыстарын ұйымдастырумен танысу. Кәсіпкерлік және қаржылық тәуекелдер, оларды бағалау және төмедету жолдары. Кәсіпорынның банкроттыққа ұшырау ықтималдығын анықтау тәжірибесі. |
| 5 | Зерттеу объектілері бойынша нақты материалдарды жүйелеу, жинақтау, зерделеу және талдау. |
| 6 | Тәжірибені өтіп жатқан объект және орын бойынша кәсіпорынның қаржылық стратегиясын тактикасын және қаржы саясатын, қаржы менеджментінің үлгісін (моделін) талдау және зерделеу. |
| 7 | Кәсіпорынның объективтік қаржы басқаруды талдау және зерделеу, айналым активтерін басқару бойынша саясат:<br>. кәсіпорынмен құрылған және оның құрылымына енетін еншілес ұйымдар және фирмалар. Негізгі ақша ағындары және осындай ұйымдармен өзара қатынасы;<br>. кәсіпорынның (фирма, ұйым) холдингке енуі, ведмостағалық бағыныштылығы және осыған байланысты негізгі ақша ағындары;<br>. компанияға қызмет ететін коммерциялық банктер. Есеп, валюталық, депозиттік және басқа шоттар түрлері бойынша есеп айырысу;<br>. шаруашылық жабдықтауы шарт жасасу, оның орындалуы және шарттағы сәйкесінше ресурстармен қамтамасыз етілуі. Осы мәслелерді оқу барысында жабдықтаушы шарттағы сәйкесінше ресурстамен қамтамасыз етілуі. Осы мәселелерді оқу барсында жабдықтаушы шартта қарастырылған қаржы санкцилары мен оның нақты қолданылуына аса көңіл бөл керек;<br>. тауарлармен қызмет көрсетуді сатып алушылармен есеп айырысудың жағдайы. Сатып алушылардың уақытыда шотты |

| | |
|---|---|
| | төлемеу белгілері және оған қолданылатын есеп қисап нысандары, олардың ары қарай қолданудың мақсаттылығымен жетілдіру бағыттары;<br>. банкке төлем құжаттарын дайындау, құру және беру;<br>. кәсіпорындағы шоттардан ақша құралдарын жою кезеңділігі;<br>. бюджетке және бюджеттен тыс қорларға кәсіпорындардың салықтық төлемдерін әзірлеу және есептеу;<br>. кәсіпорынның экспортты – импорттық операциялары: олардың ағымдағы жағдайы, айналымы, кәсіпорын үшін тиімділігі және ағымдағы қаржылық нәтижелеріне әсері;<br>. құнды қағаздармен операция: сәйкес құрылым, құнды қағаздармен операцияның мазмұны, кәсіпрынның қаржы нәтижелеріне әсері;<br>. кәсіпорынның ақша ағымдары және олардың қаржылық жағдайына әсері;<br>. басқару және құрылымы: өндірістік қосалқы қор; дебиторлық берешектер (оның мерзімі, түрі, сатып алушысы, соммасы бойынша саралау) ақша активтері, қысқа мерзімді инвестициялар; |
| 8 | **Активтер мен пассивтерді талдау, түсімдер, шығыстар және қаржы ресурстарын бөлу**<br>Қаржылық есеп берулерді талдау, қаржылық коэффиценттерді талдау (мүліктік жағдайы, өтімділігі, төлем қабілеттілігі, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылығы, іскерлік белсенділігі, рентабельділігі құнды қағаздар нарығындағы кәсіпорынның (банктің) жағдайы).<br>Кіріс және шығыс құрамы , құрылымын талдау, операциялық тұтқа, шығынсыздық нүктесі рентабельділік шегі, компания бойынша, қызмет түрлері және өнім бойынша қаржылық беріктіліктің қосалқы қорлары, пайда бірлігі.<br>Пайданы бөлуді талдау және механизмін зерделеу, кәсіпорынның дивиденттік саясаты.<br>Тартылған қарыз құралдарының, қаржа тұтқасының саясатын талдау.<br>Капитал құрылымын талдау (қызметті қаржыландыру көздері).<br>Ашық қор рыногында компанияның құралдарды акция эмиссиясы және IPO жүргізу жолдарымен құралдарды тарту тәжірибесі. Меншік капиталын талдау.Оны жоғарылату жолдарын іздестіру. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздарды, оның ішінде банк кредиттерін, кәсіпорын үшін кредиторлық берешекті талдау. Мерзімі, сомасы, түрлері бойынша депозиттерді тарту және берілетін қарыздардың ара қатынасы. |
| 9 | **Оперативтик қаржыны жоспарлау**. Оперативтик қаржыны жоспар құру тәртібі практика обьектісінде – компанияда болмаған жағдайда студент өз бетінше құруы тиіс:<br>- кәсіпорынның кассалық жоспарын құру тәжірибесін зерделеу, осы |

| | |
|---|---|
| | құжаттың мақсатқа сайлығы, келешектегі кезеңге өз бетінше есеп қисап жүргізу.<br>- төлем күн тізбесін құру тәжірибесін зерделеу, келешектегі кезеңге өз бетінше есеп қисап жүрзізу және кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету рөлін көрсету.<br>- келешектегі кезеңді қысқы мерзімді қаржыландыру және айналым капиталындағы кәсіпорынның жоспарлы қажеттіліктеріне есептеу жүргізу.<br>- негізгі факторлар бойынша жоспарлы жылда өнімді өткізу және өндіріс шығындарын үнемдеу есебімен кәсіпорында жоспарлы шығындарды анықтау; жалақының өсуімен салыстыру бойынша жоғары қарқынмен еңбек өнімділігінің өсуі; қор қайтарымының өсуі және амортизациядық аударымдарды төмендету; материалдық ресурстар шығыстарының нормаларын төмендету; материалдық ресурстарды артық шығысын жою; шартты- тұрақты шығыстар және басқа факторларды үнемдеу.<br>- жоспарланатын жылға меншікті айналым құралдарына кәсіпорынның қажеттілігінің ауытқуын анықтау. |
| 10 | Стратегиялық қаржылық жоспарлау мен болжамдау<br>Кәсіпорында қаржылық есеп берулердің формалары және ақша ағымдарының және оларды бағалау, кіріс және шығыс бойынша жоспарлы балансын құру тәжірибесі. Егер кәсіпорында аталған құжаттар жоқ болса, студент өз бетінше 3-5 жылдар аралығында есеп беруді жүргізуі қажет. Ол есеп берулерге жататындар:<br>- өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсім;<br>- өнімді (жұмыс, қызмет) өткізу және өндіріс шығындары;<br>- қызметтің басқа түрлерінен кірістер мен шығыстар (өткізілмеген, қаржылық, инвестициялық);<br>- қаржылық нәтижелер (пайда\ шығын);<br>- кәсіпорын қызметін қаржылындыру көздерін анықтау;<br>- компания кірістер және шығыстар бойынша жоспарлы балансын құру<br>- ақша ағындары бойынша жоспарлы балансын құру;<br>- ақшы ағындары, инвестициялық салулардың тиімділігін бағалауды жүргізу.<br>Кәсіпорында бюджеттеу жүйесі бар жағдайда студент олардың кейбіреулерін әзірлеуіне қатысуы қажет. Сонымен қатар, кірістер мен шығыстарды қалыптастырудағы жекелеген құрылымдарының жауапкершілігі, олардың өзара байланысы мен өзара негізделімін анықтау керек. |
| 11 | Кәсіпорынның қаржылық басқару бойынша бақылау аналитикалық – жұмыстар<br>Студентпен қызметтің негізгі бағыттары анықталуы қажет:<br>- ағымдагы шығындар, пайда, басқа кірістер, тауар өнімдерін (сату |

| | |
|---|---|
| | көлемі) өткізу бойынша кәсіпорынның қаржылық службасының жұмысы;<br>- тұрақты және ағымдағы шығындарды бөлу тәжірибесі және олардың деңгейін бақылау;<br>- кәсіпорында операциялық тұтқаның деңгейін және қаржылық нәтижелер ықпалын бақылау;<br>- кәсіпорында рентабельділікті бақылау: өндірістің рентабельділігінің деңгейі мен динамикасын есептеу, тауар шығарылымдарының рентабельділігі мен шығарылатын өнімнің (атқарылатын жұмыс және көрсетілетін қызмет) негізгі түрлерінің рентабельділігі. Бағаның өсуі, өндіріс және өткізу шығындарының төмендеуінен және басқа факторлардың әсеріне маңызды өнім түрлерінің рентабельділігінің өсу мүмкіндігін зерделеу.<br>- кәсіпорында айналым құралдарын тиімді пайдалануын бақылау.<br>Айналым құралдарының айналымдылығын есептеу, оның динамикасын құру, өзгеру белгілерін анықтау. Меншікті айналым құралдарының жетіспеушілігі анықтау жағдайына аса көңіл бөлу қажет. Оның пайда болуын және оны толтыруын зерттеу.<br>- қаржылық салулардың табыстылығын бақылау;<br>- қаржылық жағдай мен банкроттықты болдырмауды бақылау. |
| 12 | Банкроттықты болжамдау және диагностикалау.<br>Кәсіпорынды қаржылық сауықтыру әдістері және қазіргі механизмінің тиімділігі. Компанияның қосылуы және жұтылуы банкроттықтан жалтарудың әдісі ретінде. Компанияның қосылуы және жұтылуы механизмі. |
| 13 | Бағалы қағаздар рыногындағы компанияның қызметі . Бірнеше жылдар динамикасындағы компания акциясының рыноктық құны.<br>Бірнеше жылдардағы компанияның капиталдандыруы. |

## 4.2 Қазақстан Республикасы коммерциялық банктерінде диплом алды тәжірибенің мазмұны мен бағдарламасы

| № п\п | Жұмыстың мазмұны және атауы |
|---|---|
| 1 | Банк қызметімен танысу: миссиясы, стратегиялық мақсаты, міндеттері, қызмет\қызмет көрсету түрлері, клиенттер құрамы, менеджмент, ҚР банк жүйесіндегі банк орны. Банк жүйесінің ағымдағы жағдайы және ҚР қаржы жүйесіндегі оның маңызы. |
| 2 | Банктің ұйымдық- құқықтық құрылымымен және оның жекеленген бөлімшелерімен (кредиттік, депозиттік, бухгалтерия, жобалық қаржыландыру, орта және шағын бизнес, тәуекел – менеджмент және басқалары) танысу: міндеттері, функциялары, қызметкерлер міндеттер бөлу, лауазымдық нұсқаулықтар, басқа службалармен өзрар әрекеттері. |

| | |
|---|---|
| 3 | Коммерциялық банктердің қызметін реттейтін ҚР, ҚРҰБ құқықтық, нормативтік және заңнамалық кесімдермен танысу. Банктің Жарғысының мазмұнын зерделеу. |
| 4 | Тәжірибе өтетін обьектімен орынның - банктің қаржылық стратегиясы мен тактикасын, қаржылық банктік менеджменттің үлгілерін (моделін) зерттеу және талдау. Банктің дивиденттік саясатын, пайданы бөлу механизмін зерделеу. |
| 5 | *Кредиттік операциялар.* Банктің клиенттермен кредиттік қатынастарын ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу:<br>- кредитке өтінішті қабылдау тәртібі;<br>- қарыз алушының қаржылық жағдайын талдау тәсілдері және кредиттік тәуекелді бағалау;<br>- кредит беру туралы шешім қабылдау тәртібі (дербес шешім, кредиттік комитет);<br>- кредиттік шарт және кепіл шарты құру тәртібі;<br>- кредит беруді рәсімдеу бойынша экономистің жұмысы және кредитті өтеуді қадағалау;<br>- кредит портфелін талдау, кредиттік тәуекелді жабуға арналған резервтерді есептеу;<br>- кредиттің жекеленген түрлерін ұсынудың ерекшеліктері (бір жолғы, мақсатты, ипотекалық кредиттер, кредиттік желілер, овердрафт);<br>- банктің ссудалық операцмялары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді бекіту тәртібі;<br>банк аралық кредиттерді беру және жоюды ұйымдастыру. |
| 6 | Есеп айрысу операцмялары және оларға сипаттама ақылы, ақысыз есеп айрысу нысандары, құрылымы. Ақылы есеп айрысу қызмет көрсетулеріне комиссия. Банк аралық корреспондеттік қатынастар. Клирингтік есеп айрысулар. |
| 7 | *Депозиттік операциялар.* Мерзімді және талап өтемелі салымдар арасындағы қатынас. Талап етілмелі депозиттердің салалық құрылымы. Мерзімді депозиттердің құрылымы.Депозиттік операциялар бойынша пайыздар. Депозиттік және жинақтық сертификаттар. Оларды шығару тәртібі. Банктік вексельдер, банктің меншікті вексельдерімен операциялар.<br>*Касалық операциялар.* Кассалық операцмяларды рәсімдеу және есеп жүргізу,қамтамасыз ету бойынша операциялық кассадағы кассирлердің және есептеу – операциялық жұмысшылардың функциялары. Қолма-қол ақша операциялары бойынша банк пен клиеттің өзара қарым – қатынасы. Банктегі кассалық жоспарлау. Кассалық айналымның туралы есеп беру.<br>*Бағалы қағаздармен банктік операциялар:*<br>- банктің бағалы қағаздарды шығаруы; |

| | |
|---|---|
| | - бағалы қағаздардағы банктік инвестициялар;<br>- бағалы қағаздармен коммерциялық банктердің баланстан тыс операциялары.<br>*Валюталық операциялар*<br>Валюталық операциялардың түрлері және оларды жалпы түсімдердегі үлесі.<br>*Банктік карточкалармен операциялар.*<br>*Факторингтік операциялар. Оларды ұйымдастыру және банк комиссиясының деңгейі.*<br>*Мүлікті сенім хатпен басқару бойынша операциялар.*<br>*Банк комиссиясының мөлшері және басқа операциялар.* |
| 8 | Жылдық баланс мәліметтері бойынша коммерциялық банктердің қызметінің негізгі көрсеткіштеріне баға беру. Меншікті және тартылған капиталдың құрылымы мен өсу қарқынына, салынған капитал мен актиивтердің бірлігіне табыстылық пен пайдалылық көрсеткіштеріне талдау жүргізу. Кредиттік ұйымдардың кірістері мен шығыстарының құрылымына сапалы сипаттама беру. Меншік капиталын барынша көбейту. |
| 9 | Қаржалық есеп беру мәліметтері бойынша коммерциялық банктердің қаржылық көрсеткіштерін талдау және есептеу тәртібін есеп беруде зерделеу және мазмұндау: қаржылық коэфициенттерді, пруденциальды нормативтерді, өтімділікті, төлем қабілеттігін, қаржылық тұрақтылығын, рентабельділікті, бағалы қағаздар рыногындағы банктің жағдайын, капиталдың жеткіліктілігін талдау. Банктің экономикалық және рыноктық қосылған құнын талдау. |
| 10 | Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвистицияларды басқару бойынша кәсіпорын саясатын талдау. |
| 11 | Коммерциялық банктердің ссудалық және депозиттік портфелін талдау. Мерзімі, сомасы, түрі бойынша тартылған депозиттер мен берілген ссудалардың ара қатынасы. Банктің кридиттіксаясаты. Коммерциялық банктердің кредиттік ахуалын аныктау. Есеп беруде коммерциялық банктерде қолданылатын кәсіпорындарды кредиттеу нысандарымен танысу және мазмұндау, кридит беруді рәміздеу тәртібі. Банкпен берілетін кредиттің қайтарылуын қамтамасыз ету нысандарын қолдану тәжірибесімен танысу. Қарыз алушының кредиттік төлем қабілеттілігін бағалау. Инвестициялық жобаларды саралау және бағалау бойынша банктің саясаты. Банктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру. |
| 12 | Банктің жоспарлау және болжамдау жұмыстарын ұйымдастырумен танысу. Коммерциялық банктердің ақша ағымдарын, пайдасын, кірістер мен шығыстарын жоспарлау. Қаржы жоспарын құру және инвестицияның тиімділігін бағалау. |
| 13 | Коммерциялық банктерге салық салуды талдау. |

| | |
|---|---|
| 14 | Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық банктің қызметі. Бірнеше жылдар динамикасындағы компания акциясының рыноктық құны. Бірнеше жылдардағы компанияның капиталдануы. |
| 15 | Тәуекел-менеджмент бөлімінің жұмысын ұйымдастырумен танысу. Банктік қаржылық тәуекел, оны бағалау және төмендету жолдары. әлемдік қаржылық дағдарыстың әсері жағдайындағы банктің саясаты. Ағымдағы және болашақтағы банк жүйесін нығайту бойынша ҚР Үкіметі, ҚР ҚҚА және ҰБ іс-шаралары. |

**Ескерту.**

Есепте студенттің диплом алды тәжірибені өту кезіндегі орындалған жұмыстарын қамтылып көрсетілуі тиіс: қаржы бөлімінің жұмысын зерделеу бойынша, қаржылық менеджер туралы, зертелген диплом жұмысының тақырыбына қажетті есептерді жасау, өндірістік-қаржылық жұмыстарға талдау жүргізу, зерттелген кәсіпорынның қаржы көрсеткіштері есепке қосуға қаржылық-экономикалық көрсеткіштер және оларды талдау, ұсынылған нысанда төмендегі берілген.

Кәсіпорынның (коммерциялық банктің) активтерін талдау кезінде мүліктердің абсолюттік өзгерісін көрсету қаже, активтер құрылымының жақсарғаны және нашарланғаны туралы қорытынды жасау керек.

Кәсіпорынның (коммерциялық банктің) активтерін талдау кезінде келесі сұрақтарға көңіл аударып және жауап беру қажет;

- жиынтықты активтердің құрылымында ең үлкен үлес салмағы қандай құрамдас бөлігіне келеді?
- егер айналым активтеріне келсе, онда банктің айналымдылығы құралдарын жылдамдату қаблеттілігін арттыратын, активтердің икемді құрылымдарын қалыптастыру куәландырады.
- тұтасымен алғанда, мүлік қалай өзгереді (айналымынан тыс және айналым активтерің сомасы)?
- мүліктің азаюы шаруашылық айналымының қысқарғандығын көрсетеді, ол оны төлем қабілетсіздікке апарып ұрындыру мүмкін және кірісінше.
- мүліктің өсу баланстың оң өзгеруін көрсету мүмкін.
- айналым және айналымнан тыс активтердің құрылымы қалай өзгереді?
- айналым және айналымнан тыс активтердің құрамдастарына не болды?
-аяқталмаған құрылыстың ұлғаюы кәсіпорынның (банктің) қаржылық-шаруашылық жұмысының нәтижесіне жағымсыз әсер ету мүмкін (жұмсалымның тиімділігін және мақсатқа сай келуін қосымша талдау қажет).
- ұзақ мерзімді қаржылық салымдардың өсу негізгі қызметінен қаражатты оқшауландыруын көрсетеді, ал төмендеуі банктің негізгі қызметіне қаржылық қаражаттарды қатыстыруға ықпал етеді және оның қаржы жағдайын жақсартады.
- ұзақ мерзімді қаржылық салымдардың өсу негізгі қызметінен қаражатты оқшауландыруын көрсетеді, ал төмендеуі банктің негізгі қызметіне қаржылық

қаражаттарды қатыстыруға ықпал етеді және оның қаржы жағдайын жақсартады.
- талданған кезеңнің соңына жиынтық активтерінің негізгі құралдарының үлесі қандай?
- кәсіпорынның (банк) активтерінің құрылымы «ауыр» немесе «жеңіл» бола ма?
- егер ол 40% кем болса, кәсіпорынның (банк) активтерінің құрылымы «жеңіл» болады, ол банк мүлкінің икемділігін көрсетеді.
- егер ол 40% артса, активтерінің құрылымы «ауыр» болады, және едәуір қосымша шығындардың барлығын дәлелдейді, түсімдердің өзгеруіне өте жоғары сезімтал болады.
- талданған кезеңде кәсіпорынның (банктің) айналым активтерінің мөлшері қалай өзгереді.
- айналым активтерін қлыптастыруға қандай баптар негзгі салымға салынды?
1. салымдар және деаозиттер (банктер үшін), МТШ (кәсіпорындар үшін);
2. дебиторлық берешек;
3. қысқа мерзімді қаржы салымдар;
4. ақша қаражаттары;
- айналым активтерінің бұндай құрылымы қандай проблемаларды дәлелдеуі мүмкін?
- талдаған кезеңде активтердің құны қалай өзгереді, бұл өзгеріс жағымды өзгеріс болды ма және ол нені көрсетеді?
- егер қор құны өссе, ал активтердің айналымдық мерзімі кемісе бұл жағымсыз фактор болама?
- дебиторлық берешектің көлемі талдаған кезде қалай өзгереді?
1) өсті, жағымсыз өзгеріс нені көрсетеді және банкттың көрсеткен қызметіне төлем мен байланысты проблемалардың болуы мүмкін немесе клиенттерге қарқынды берумен яғни, ағымдағы активтердің бөлігін аудару және банкттік процесстен айналым қаражатының бөлігін шашырату (иммобилизациялау)
2) төмендету, бұл жағымды өзгерісттерді көрсетеді және кәсіпорынға (банкке) төлеммен байланысты жағдайының жақсарғандығы және айналым капиталын басқаруда қолайлы саясатты таңдауға мүмкіндігін көрсеттеді.
- берешектің жалпы соммасына ең көп үлес дебиторлардың қандай түрлеріне тұра келеді?
- ұзақ мерзімді дебиторлар (өтеу мерзімі 12айдан астам). Қаражатты ұзақ мерзімде айналымнан шығару нені көрсетеді?
- талданған кезде банктің айналым активтерінің құрылымында ақша қаражатының үлесі қалай өзгереді?
- өтімділік кассалық активтерге аударылған ақша қаражаттары мөлшерінің өсуімен қамтамасыз етіледі.
- бағалы қағаздар рыногындағы банк/кәсіпорынның жағдайы өзгереме?
- динамикадағы компания акциясының рыноктық құны.

Кәсіпорынның (банкттің) қызметінің қаржылық нәтежесін талдағанда, талданған кезеңдегі онымен алынған түсім пайда немесе шығын бағалануы керек

Кәсіпорын (банк) қызметінің тиімділігін анықтау үшін және қызметінің қаржылық нәтежжесі туралы қорытындының негізді болуына келесі сұрақтарға жауап беру қажет.

- талданған кезеңге банктің таза түсімі қалай өзгереді?
- банк немесе кәсіпорынның жұмысы талданған кезде пайдалы, шығынды немесе шығынсыз болдыма?
- талданған кезеңде кәсіпорын (банк) негізгі табысты қандай қызмет түрінде алады?
- талданған кезең аяғында, барлық қызмет түрін орындау нәтежесінде банк (кәсіпорын) салық салуға дейін қандай пайда (шығын) алады?
- таратылмаған пайданың болмауы ненің айғағы?
- дұрыс оперативті қызмет істеуге айналым қаражатын толықтыру мүмкіндігінің болмауы.
- банк-кәсіпорын нәтежелі немесе нәтежесіз әрекет жасадыма-түсіммен және өзіндік құнның өсу қарқынының қаражатын айналымдылығын, мүліктің (жабдықтың) пайдалану деңгейін салыстыру қажет.
- кәсіпорынның (банктің) таза табысты қалай таратылады?
- бос айналым қаржысы қайда инвестицияларды және ол салымның нәтежелігі қандай?
- кәсіпорын (банк) қызметін қаржыландыру көздері

**4.3 Қазақстан Республикасы салық комитеттерінде диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы**

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1. | **Салық төлеушілермен жұмыс жүргізу бөлімінде:** студент келесі жағдайлармен танысады: бөлімнің құрылыммен, бөлім қызметкерлерінің қызметтік міндеттемелерімен: есепке тұрған салық төлеушілердің салық салу объекттілермен тізімімен: хаттар, өтініштер және назарлықтарды қарау тәртібімен: СТТН, потент және лицензия беру тәртібімен: салық төлеушіні есепек алу тәртібімен, оларды тіркеу кітабымен, есеп беру түрлерімен, бланкалық материялмен:<br>Карточкалар ашу және тұлғалық шоттар, төлем тапсырмалары, квитанциялар және т.б құжаттарды толтыру тәртібімен. |
| 2. | **Аудит бөліміндегі жұмыс орнында:** студент есепте тұрған салық төлеушілермен, салық салу объекттермен, бөлім жұмыстарында қолданылатын негізгі есеп түрлерімен, бланкалық материялдармен танысады. Өндірістік тәжіребиені бұл бөлімде өту барысында студент заңды тұлғалар төлейтін барлық салықтар әдісімен меңгеру қажет. Осы мақсатта нұсқаулық материялдарды меңгеру, салық салу мақсатындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өтініштер мен хаттармен танысу керек. Әр түрлі меншік түріндегі бірнеше кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметін салық |

| | |
|---|---|
| | инспекторлармен бірігіп, тексеруге қатысуы: тексеру нәтежелері бойынша есеп беру, олар туралы жоғары тұрған мекемелерге мәлімет бері тәртібін меңгеру: салықтардың суын тексеру және талдау бөліміне берілетін тексеру қорытындылары материялдарымен танысады: Салық заңдылығын бұзушылар үшін қолданылған қаржы және салық санкцияларын қолдану тәртібін талдау: салық инспекторларымен бірге Құжаттық тексерулерге қатысу, базарда коммерциялық дүкендерде тауар өткізуші,сатушы кәсіпкердің өткізу нәтижесі бойынша қалдығын тексеру тәртібімен танысу; тексеру актілері әкімшілік алыппұлдар салу хаттамаларын толтыру тәртібін үйрену;бақылау бөлімінің есеп беруін талдау; аудан бойынша жеке тұлғалардың табысының түскен салықтық түсімдердің сандық мәліметтерін талдау және т.б. |
| **3.** | **Есепке алу,талдау және ақпараттық технология бөлімінде:** Студент бұл бөлімде бөлімнің құрылмымен,бөлім қызметкерінің қызметтік міндеттемелерімен танысады.Тізімдегі салық төлеушілермен танысуға,нұсқалық материалдарды меңгеруге, салықты төлеу мен алу жөнінде жоғары тұрған мекемеледің хаттарын қарастыру; бугалтерлік-оперативтік есептің жүргізілу әдістері мен шарттарын меңгеру,заңды және жеке тұлғалармен тапсырылатын декларациялар,баска да есептер мен қаржылық есеп беру материалдарымен танысу; декларацияны қабылдау тәртібімен,заңды тұлғалардың есебімен,патенттерімен,жеке кәсіпкерлердің куәлігімен танысу; тұлғалық шоттар,карточкалар ашу тәртібімен және оларды жүргізумен танысу* заңды және тұлғалардың балансарын қабылдау жүзеге асырылатын нұсқамалық материалдар және басқа да құжаттармен танысу. |
| **4.** | **Өндіріп алу бөлімінде:** студент бөлім құрылымы мен бөлім қызметкерлерінің қызметтік міндеттемелерімен танысады.Салықтық түсімдер бойынша ағымдағы аванстық төлемдер мен бюджетпен соңғы есеп айырысу, төлеу мерзімі тәртібін меңгеру;салық заңдылықтарын бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімақыларды есептеу тәртібін меңгеру; салықты төлеуді қамтамасыз ету және салық төлеушінің мүлкін алу тәртібімен танысу;салық төлеушіден алынуға тиісті сомалар өндіріліп алу жолында иелігіндегі шектелген мүлікті өткізу тәртібін,экспорттық операцияларды тоқтату тәртібін меңгеру;бюджет алдындағы қарыздарын жабу тәртібімен, салық заңдылығын бұзу және таласты жағдайлардың шешілмеуі және соттық тәртіпте актілік тексерістер бойынша салықтарды өндіріп алу тәртібімен танысу.Салық қызметінің шешімін қайта қарау тәртібімен сотқа шағым жасау тәртібімен танысу. |
| **5.** | **Өндірістік емес төлемдер бөлімінде:** бұл бөлімде бөлім |

| | |
|---|---|
| | құрылымымен, бөлім қызметкерлерінің қызметтік міндеттемелерімен танысады,аудан картасын құруға қатысады;салық төлеушіні тіркеу тәртібімен танысу, салық инспекторымен бірге меншікке салық төлеу жұмыстары бойынша шешілмеген істерге қатысу;заңдылық құжаттарды меңгеру, меншікке салынатын салықты алу және төлеу тәртібін бақылау. |
| 6. | **Жанама салықтар бөлімінде:**Студент бөлім құрылымымен, бөлім қызметкерлерінің қызметтік міндеттемелерімен танысуы керек ;жанама салықтардың қолданыстағы есептеу және өндіріп алу тәртібімен танысады;ҚҚС және акциздер бойынша декларация қабылдау және шот-фактура толтыру тәртібімен танысады;ойын бизнесі бойынша қазіргі кезде қолданылатын тәжірибені меңгеруі керек*заңдылық құжаттарын меңгеруі тиіс;ҚҚС бойынша салықты дұрыс есептеу,толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету заңдылықтарымен танысу;нолдік ставка бойынша салық сомасын қайтару тәртібімен танысу. |
| 7. | **Салық төлеушілерді тіркеу болімінде**: Студент бұл бөлімде, тәжірибе өту барысында,бөлім құрылымымен, болім қызметкерлерінің қызметтік міндеттемелерімен танысады; бүгінгі күні қызмет етуші салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу тәртібімен танысады;салық төлеушілерді тіркеудің тәжірибелік әдістемесін меңгереді;әр түрлі қызмет атқарушы салық төлеушілерді есепке алу тәртібімен танысады;салық төлеушілерді есепке алуға қажетті шарттар мен құжаттар тізімімен танысады. |

Есеп беруді рәсімдеуде және келесі сұрақтарға жауап беруге көңіл бөлу қажет.

- салық қызметі органдарының ұйымдастырушылық құрылымы,
- салық комитеттері бөлімшелерінің функционалды міндеттері,
- салық төлеушілерді және салық салу объектісін есепке алу,
- салық төлеушілер бойынша жеке шоттардың жүргізілу тәртібі,
- тікеу есебіне тұрғандығы туралы куәлікті беру тәртібі,
- есепті мерзім үшін есептілік нысанын жүргізу тәртібі,
- камералды тексеруді жүргізу тәртібі (декларациялар мен қосымшаларды толтыру тәртібі),
- салықтық тексеруді жүргізу тәртібі,тексеру нәтижесі боынша акт және әкімшілік құқықтық бұзушылық бойынша хаттамаларды толтыру тәртібі,
- салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төлену мерзімі,
-салық органдарының есептерін қарастыру тәртібі,шешімдер қабылдау ережесі,
- салық қызметі органдарында қолданылатын ақпараттық жүйелер: ЖШАЖ (ИНИС),СЕЭН (ЭФНО), САЭБ (ЭКНА),СТ ОТ (РНиОН) ,ХКЖЖ (СГДС),СТАЖ (ИСИД),ҚҚС АЖ (ИС НДС),

-бақылау шаралары бойынша нәтижелерді және салық органдарының - лауазымды тұлғаларының іс әрекетін шағымдану тәртібі,
- ҚҚС есептеу ерекшелегі, есепке жатқызу және қайтарып алу тәртібі,
- акциз бойынша ақпараттық жүйені қолдану және акцизді өндіріп алу тәртібі,
- ірі салық төлеушілердің мониторингі,
- мемлекет меншігіне өткен мүліктердің есебін жүргізу тәртібі,
- нормативтік-заңдық актлер және салық қатынастарын реттейтін басқа да инструктивті материалдар,

## 4.4 Қазақстан Республикасы сақтандыру компанияларында диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1 | Практикант студент диплом алды тәжірибені өту кезінде мыналармен танысу қажет:<br>-сақтандыру компаниясының ұйымдық құрылымымен, кемінде 3 күнтізбелік жылдың аналитикалық ақпараттарын жинаумен қамтамасыз ету қажет. |
| 2 | Сақтандыру компанияларының әр түрлі ұйымдық құрылымын мүмкіншілігінше ескере отырып практикант студент компанияның барлық құрылымдық бөлімдерімен танысу және теориялық және практикалық бөлімдерді құрайтын есеп беруді ұсыну. |
| 3 | **1. Қаржылық департамент келесі бөлімдердің болуын болжайды:**<br>а) бухгалтерия;<br>б) қаржы-экономикалық бөлімі;<br>в) статистика бөлімі;<br>г) әкімшілік-шаруашылық бөлімі;<br>Осы департамент бойынша студент өндірістік практиканың есебінде ұсыну қажет:<br>- компанияның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттілігін айқындайтын қаржылық есеп берудің түрлері және формалары (қаржылық көрсеткіштер,активтер,динамикадағы инвестициялық портфелі). |
| 4 | **2. Сақтандыру департаменті келесі бөлімдердің болуын болжайды:**<br>а) андеррайтинг бөлімі;<br>б) қайта сақтандыру бөлімі;<br>в) медициналық сақтандыру бөлімі;<br>г) басқа бөлімдер;<br>Осы департамент бойынша практикант-студент есеп беруінде келесі мәліметтер болуы тиіс:<br>1) жүргізілетін сақтандыру түрлері туралы;<br>2)қайта сақтандырудың жағдайы мен дамуы туралы; |

| | |
|---|---|
| | 3)осы сақтандыру компаниясының даму перспективасы туралы. Сақтандырудың салалары,сыныптары және формалары бойынша сақтандыру сыйақысы мен сақтандыру төлемдерінің жүргізілуін, сонымен қатар оның құрылымын көрсету қажет.<br>Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақысының құрылымын көрсету қажет. |
| 5 | **3. Сату департаменті келесі бөлімдердің болуын болжайды:**<br>а) сату бөлімі;<br>б) филиалдар бойынша сату;<br>в) маркетинг бөлімі;<br>г) жоба бөлімі.<br>Осы департамент бойынша студент сақтандыру компаниясының маркетингтік саясатын,оның мақсатын және міндеттерін зерделеу қажет.<br>Сақтандыру қызметінің тұтынушыға жүргізілуінің әдістері мен тәсілдерін анықтау. |
| 6 | **4. Заң бөлімі келесі бөлімдердің болуын болжайды:**<br>ҚР қаржылық қадағалау агенттігінің талаптарына сәйкес,компанияның заңнамалық және нормативтік акттілерінің сақталуына талдау жургізу қажет.Осы мәселеге сүйене отырып,ҚР сақтандыру бойынша заңнамалық базасын мүмкін болатын бағытын жетілдіруін зерделеу:<br>-сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесі;<br>-міндетті сақтандыру жүйесі;<br>-сақтандыру рыногын реттеу және қадағалау жүйесі. |
| 7 | Өндірістік тәжірибе бойынша есеп беру (мүмкіншілігінше) сақтандыру компаниясының құжаттарына сәйкес (бухгалтерлік баланс,сақтандыру шарттары,сақтандыру ережелері,пайда және шығындар туралы есеп,сақтандыру полисі және т.б) тұруы қажет. |

## 4.5 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Орталық аппаратында диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1. | ҚР Қаржы министрлігінің құрылымымен танысу және қаржы саясаты,департамент қызметтерінің бағыттарын,елдің экономикасын қаржыландыру,әлеуметтік сфера,білім беру,денсаулық сақтау және басқа өндірістік емес сфералардың бағыттарын зерделеу |
| 2. | Есеп беру және статистика департаменттінің қызметі және өкілеттігімен танысу. |
| 3. | Мемлекеттік бюджеттің орындалуының әдістемесі және талдау департаменттінің қызметі және өкілеттігімен танысу. |
| 4. | Мемлекеттік активтерді басқару мекемесі Департаментінің қызметі |

| | |
|---|---|
| | және өкілеттігімен танысу. |
| 5. | Ақпараттық технологиялар Департаментінің қызметі өкілеттігімен танысу. |
| 6. | Қаржыны ішкі әкімшілдендіру Департаментінің қызметі өкілеттігімен танысу. |
| 7. | Жиынтық-аналитикалық Департаментінің қызметі өкілеттігімен танысу. |
| 8. | Үкімет займдарын тарту Департаментінің қызметі өкілеттігімен танысу. |
| 9. | Ақпараттарды қорғау және үйлестіру жұмыстары бөлімнің қызметі және өкілеттігімен танысу. |
| 10. | Тәжірибе жетекшісінің тапсырмаларын орындау. |
| 11. | ҚР мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстарын талдау. |
| 12. | ҚР мемлекеттік бюджетті жоспарлау тәжірибесі. |
| 13. | Мемлекеттік бюджет қаражаттарының түсуіне және мақсатты пайдалануына қаржылық бақылауды қамтамасыз ету. |
| 14. | Мемлекеттік активтерді тиімді басқаруды, бақылауды және мониторингті қамтамасыз ету. |
| 15. | Қаржы қызметтерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету. |

**4.6 Қазынашылық органдарында диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы.**

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1. | Қазынашылық департаменті және аумақтық қазынашылық органдардың қызметі және өкілеттігімен танысу. |
| 2. | Қазынашылық органдардың бөлімдерімен танысу: құрылымы, арналымы, қызметкерлердің міндеттері, лауазымды нұсқаулықтар. |
| 3. | Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы басқармасы қызметкерлерінің функционалды міндеттерін зерделеу, түсімдерді басқару, шарттарды тіркеуді басқару, төлемге шоттарды енгізуді басқару, төлемдерді бақылауды басқару, операциялық басқару, ішкі бақылауды басқару, жабдықтаушы бойынша анықтамалықты жүргізу және есеп беру, қаржылық қамтамасыз ету бөлімі,қазынашылық жүйені техникалық жүргізу бөлімі және ақпараттық қауіпсіздік. |
| 4. | Зерттеу обьектісі бойынша материалдарды жинау, талдау және зерделеу. |
| 5. | Ұлттық валютадағы түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуын ұйымдастырумен танысу. |
| 6. | ҚР ББС түсімдер сыныптамасының кодтары бекітілуімен біріңғай қазынашылық шоттың қызмет етуімен танысу. |
| 7. | Төменгі тұрған бюджеттен жоғарғы бюджеттерге бюджеттік алулардың және жоғарғы тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге бюджеттік субвенциялардың тәртібі мен кезеңділігі. |
| 8. | Мемлекеттік мекемелермен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелерді |

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету тәртібімен танысу. |
| 9. | Қолма қолсыз нысандағы ұлттық валютаның төлемдерін жүргізу. |
| 10. | Инкассалық өкімдердің атқарылуы. |
| 11. | Мемлекеттік мекемелердің депозиттік шоты бойынша және демеушілік және қайрымдылық шоттары бойынша төлемдерді жүргізу тәртібімен танысу. |
| 12. | Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсету) сатудан түскен ақшаларды, олардың қарамағындағы қалған ақшаларды жұмсау тәртібі. |

Мемлекеттік мекеме үшін аумақтық қазынашылық органдары қалыптастыратын есеп беру нысандарымен танысу:

Нысан 4-12 “Орындалмаған міндеттемелердің детарльдары”;
Нысан 5-15 “Мемлекеттік мекемелер бойынша реестрі”;
Нысан 5-17 “Төлемдер реестрі”;
Нысан 5-20 “Мемлекеттік мекеменің шотының көшірмесі”;
Нысан 5-30 “Ақылы қызмет шотының қалдығы”;
Нысан 5-34 “Шоттағы қалдықтар туралы есеп”.

**4.7 Жинақтаушы зейнетақы қорларында (ЖЗҚ) диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы**

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1. | ЖЗҚ қызметін реттейтін ҚР, ҚРҰБ, ҚР ҚҚА құқықтық, нормативтік және заңнамалық келісімдерімен танысу. Жарғы мазмұнын және ЖЗҚ корпаративтік басқару Кодексін зерделеу. ҚР пайлық жинақтаушы зейнетақы қорлар жүйесіндегі ағымдағы жағдайын талдау және зерделеу, оның ҚР қаржы жүйесіндегі маңызы. |
| 2. | ЖЗҚ қызметімен танысу: миссия, стратегиялық мақсаты, міндеттері, қызмет түрлері, ұйымдық-құқықтық құрылымы, менеджмент. |
| 3. | ЖЗҚ басқару құрылымымен танысу: міндеттері, функциялары, құрылымы, қызметкерлердің міндеттерін бөлу, лауазымды нұсқаулық,департамент/бөлімнің ара қатынасы. |
| 4. | Қордың салымшылары(алымшылары):міндетті ерікті зейнетақы жарнамалары бойынша салымшылар(алымшылары) шоттарының саны,ерікті кәсіби зейнетақы жарналары,қызмет түрлері,халықты топтар бойынша саралау. |
| 5. | 3-5жыл динамикасында талдау,зерделеу және қорытынды жасау:<br>-салымшылардық зейнетақы жинағының сомасы<br>-зейнетақы жарналарының түсімдері:<br>-салымшылар мен алымшылар шотына бекітілген зейнетақы активтерін инвестициялаудан <таза> инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегеру);<br>- зейнетақы жинағы сомасындағы<таза> инвестициялық кіріс; |

| | |
|---|---|
| | - зейнетақы төлемдерінің сомасы. |
| 6. | ООИУПА инвестициялық басқаруындағы қордың зейнетақы активтерінің құрылымын,ЖЗҚ инвестициялық портфелін талдау (ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары,шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары,тазартылған алтын ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздар). |
| 7. | Қордың атаулы кірістері коэффцииентін талдау және 5 жыл бойғы инфляция индексі мен ҚР ЖЗҚ бойынша салыстырмалы талдау. |
| 8. | ЖЗҚ қаржылық жағдайын талдау (капиталдың құрамы мен құрылымы,активтер және оны орналастыру,қаржылық инвестициялар және қолданылатын қаржылық құралдар,кірісте және шығыстар және қолданылатын қаржылық құралдар, кірісте және шығыстар, пайда/шыгғын,рентабельділіктің қаржылық коэффициенттері,өтімділік,қаржылық тұрақтылық, зейнетақы активтерін инвестициялаудағы нақты табыстылық, зейнетақы жарнасы бірлігінің таза құны.ЖЗҚ пруденциялды нормативтері және оны орындау.Мақсатты арналымына сәйкес барлық қмірлік циклдың ағымындағы,қызмет етуінің сенімділігі,қызметтің экономикалық тимділігі, зейнетақы активтерінің өтімділігі, зейнетақы жинақтарына қатысушылардың қайтарымдылығына сәйкес барлық өмірлік циклдың ағымындағы оның дұрыс қызмет етуі үшін қажетті қордың қаржы ресурстарын қамтамасыз ету тұрғысынан ЖЗҚ қаржылық жағдайын сипаттама. |
| 9. | ЖЗҚ қаржылық жоспарлау: жоспарлау саясаты,негізі баптар бойынша стратегиялық және оперативтік қаржы жоспарлаудың әзірлеу.Болашақта міндеттемелерді орындауға қордың қаблеттілігі. |
| 10. | ЖЗҚ тәуекел-менеджменті.Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайындағы қордың құралдарын инвестициялау саясаты.Зейнетақы жинақтарының қайтарымдылығы. |

### 4.8 Пайлық инвестициялық қорларда(ПИК) диплом алды тәжірибенің мазмұны және бағдарламасы

| № п/п | Жұмыстың мазмұны мен атауы |
|---|---|
| 1. | Инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін ҚР,ҚРҰБ,ҚР,ҚҚА құқтық,нормативтік және заңнамалық кесімдерімен танысу.Жарғы мазмұны және ИҚ корпоративтік басқару Кодексін зерделеу.ПИҚ қызмет ету ережелерін зерделеу. |
| 2. | ҚРпайлық инвестициялық қорлар жүйесіндегі ағымдағы жағдайын талдау және зерделеу,оның ҚР қаржы жйесіндегі маңызы. |
| 3. | Меншік үлескерлер-пайда ұстаушылардың санды және сапалы құрамына талдау. |
| 4. | 3-5 жыл динамикасындағы қоп активтердің құрамы мен қозғалысын |

| | |
|---|---|
| | талдау. |
| 5. | Мүлік,қаржылық құралдарға активтерді инвестициялау. |
| 6. | Қор активтерін сенімгерлік басқару тиімділігі. |
| 7. | ПИҚ инвестициялық портфелін талдау(акционерлік қоғам болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталындағы ИҚ инвестиция,шетел эмитентерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары,шетел эмитентерінің мемлекеттік бағалы қағаздары,ҚР эмитентерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары,<кері РЕПО>операциясы,екінші деңгейлі банктердің салымдары және басқа активтер). |
| 8. | Инвестициялық қордың кірістері мен шығыстарын талдау.ПИҚ табыстылығы.ПИҚ қаржылық жағдайын талдау.Бір пайшыға келетін таза активтердің құны. |
| 9. | ПИҚ қызметін жоспарлау. |
| 10 | Тәуеклді инвестициялау қоры ретіндегі жабық ПИҚ, |
| 11. | Тәуеклді тқмендету мақсатында инвестициялық портфельді хеджерлеу және диверсификациялау. |

## V. Диплом алды тәжірибе жөніндегі есепті құрастыру және қорғау

Тәжірибеден өту туралы есепте диплом алдындағы тәжірибеден өту бағдарламасына сәйкес қорытынды жасалды және бағдарламада ескерілген әрбір сұрақты меңгеру бойынша жасалды. Есепе тек қана ағымдағы тәжірбеде қаржылық операциялардың орындалуы көрініс табуы қажет емес,сонымен қатар ағымдағы жетіспеушіліктердің критикалық талдау және студенттің мамандану курсы «Корпоративтік қаржы», «қаржылық менеджмент» және басқа қаржылық пәндерден алған білімінің позициясы бойынша оларды жою шаралары.

Егер компанияда ескерілген бағдаламада белгілі бір қаржылық қызметтің бағыты болмаса, онда студент осы сұрақ бойнша теоритикалық білімін және өз бетінше қажетті есептеулермен сипаттамаларды көрсетуі тиіс.

Есепті жазу кезінде диплом алды тәжірибенің объектісі құрылымдық бөлімдердің жұмысын реттемелеуші нұсқаулықты тікелей көшіруге жол берілмейді. Есепте профильдік мамандардың қаржы менеджері, сақтандыру агенті, салық инспекторы және т.б құқығы және міндеттеріне жалпы сипаттама беріледі. Қаржылық нәтиженің жетістігіне, басқару шешімдеріне, жұмысты орындау әістеріне нақтылы есептерді талдауға және сипаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен бірге жасалған жұмысты жазғанда қосымша құжаттар және есептер өзара байланыстылықта болуы тиіс. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін есептер қорғауға жіберілмейді.

Есептің мазмұны келесілерді қамтиды:

1. Титулдық парақ
2. Мазмұны
3. Жалпы мінездеме (құқықтық және техника экономикалық ) шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің түрлері.

4. Шаруашылық жүргізуші субъектінің бөлімдерінің мінездемесі мен алдауы (коммерциялық банк бөлімдері, салық инспекциялары және басқа да зерттеу объектілері)
5. Компанияда стратегиялық және оперативті қаржылық басқаруды ұйымдастыру.
6. Кәсіпорынның қаржы шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалау.
7. Кәсіпорынның жоспарлау және болжау қаржылық қызметі
8. Компанияның қаржылық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар
9. Қорытынды
10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (ақпараттар көздері)
11. Қосымшалар (жылдық қаржылық есептілік (көрсеткіштерді 3жылдан кем емес динамикада көрсету), компанияның құрылымдық және қаржы экономикалық бөлімдерінің ұйымдастырылуы, нақты және статистикалық маериалдар кестесі, есеп айырысу формалары, графиктер,зерттеу тақырыбы бойынша материалдар)

Есепке қосымша тіркелетіндер:

1. Студент- практиканттың жұмысы туралы кәсіпорыннан (мекемелерден) практика жетекшісінің қол қойылып және мөр басылған сын-пікірі.
2. Күнтізбелік жоспар, практика өткен орны бойынша жетекшімен бекітілген жолдама.
3. Қол қойылып және мөр басылған өндірістік тәжірибені өту күнделігі.
4. Студент- практиканттың келіп және кетуі белгіленген жолдама.
5. Кафедрадан тәжірибе жетекшісінің жеке тапсырмасын орындау
6. Студенттің дипломдық жұмысына тәжірибе жетекшісінің, компанияның рецензиясы.

Жеке тапсырма студенттің тәжірибеден өту барысында қорытынды маманданған жұмысын жазу үшін қажет тәжірибелік материалдарды жинап, жүйелеп және талдау мақсатында кафедрадан тәжірибе жетекшісімен құрылады. Көп жағдайларда осы материалдарды студенттер қаржылық менеджменттің актуалды сұрақтар бойынша ғылыми баяндамаларды, студенттік конференцияларда қаржытеориясын орындау үшін қолданады.

Барлық қосымша материалдарды мұқият іс практикасына тігу қажет. Есептің жалпы көлемі, қосымшаны қосқанда, 60 парақтан аспауы керек. Мәтін жазу барысында парақтың шет жақтарынан поля қалдырылуы керек: сол жағынан – 3см, оң жағынан – 1,5см, жоғарғы және төменгі жақтарынан - 2см-ден. Шрифттың көлемі 12ден кем болмауы керек. Есеп парақтарының сандық қатары алмаспайтын болуы керек, бірінші титулдық парақтан бстаппарақтың жоғарғы оң жағына санменен белгіленеді. Титулдық парақ санменен белгіленбейді және 2- қосымшада келтірілгендей біріңғай нысанда болады, Титулдық парақтан кейін есептің мазмұны орналастырылады, 3-қосымшаны қараңыз.

Қорғауға ұсынылатын есептің тәжірибе бағдалама мазмұнының талаптарына сәйкес келуіне назар аудару қажет.

Есепті сапасына және оның пунктары бойынша бағдарламаның орындалуының толықтығын тексеру біршама жеңіл орындалады. Демек практикант есептің сапасын өз алдында көлемі емес, ал жүргізілген зерттеу мен талдау жұмысы және қорытындылар мен нәтижелер анықтайтынын ескеруі қажет.

## VI. Диплом алды тәжірибеден өту туралы есепті қорғау

Диплом алдындағы тәжірибеден аяқталғаннан кейін университетте «Қаржы» кафедрасында тәжірибеден өту туралы есеп беруді қорғауды ұйымдастыру.

Есепті қорғауға диплом алды тәжірибе бағдарламасын толығымен орындаған және дипломдық жұмысын ғылыми жетекшісіне ұсынған студеттер ғана жіберіледі.

Есеп 3 адамнан кем емес комиссия құрамында қабылданады.

. Кафедрадан тәжірибе жетекшісі;

. Кафедра оқытушылары;

. Есепті қорғауда компаниядан тәжірибе жетекшісінің қатысуына болады – тәжірибеден өту объектісі.

Қорғау процесінде тәжірибеден өтудің сапалық деңгейі, қаржылық жоспарлау және кәсіпорынды оперативті басқарудың сұрақтарын білікті түре меңгеру аңғарылады, практикант пен кәсіпорынның қаржылық жұмысын ұйымдастыру кемшіліктерін көре біліп, оларды жақсарту бойынша ұсыныстарын айту. Сонымен қатар, дайындалған есептің орындау сапасы, бағдарлама мен орындауда кірістелген сұрақтарды айқындау тереңдігі қарастырылады.

Есепті қорғау нәтижесі бойынша баға қойылады және пікір жазылады.

Диплом алды тәжірибе бойынша есепті қорғамаған студенттер мемлекеттік емтиханды тапсыруға жіберілмейді және академиялық қарызы барлар университеттен шығарылуы мүмкін.

Қосымша 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

**«БЕКІТЕМІН»**
«Экономика және құқық»
институтының директоры
э.ғ.к., проф. Джолдасбаева Г.У.
____________________________
«_____»_____________2012ж.

**Тәжірибеден өту күнтізбелік жоспары**

Ұйым атауы_____________________________________________________________

Институт ________________________________________________________________

Шифр,мамандық_________________________________________________________

Курс, топ_______________________________________________________________

Тәжірибе түрі___________________________________________________________

Сағат саны_____________________________________________________________

**Келісемін:** М. О.

**Ұйымнан төраға** **ЖОО нан төраға**

_______________________ _______________________

_______________________ _______________________

Төраға А.Ж.Т Каф. меңг. А.Ж.Т

| № | Күні | Жұмыс түрі | Сағат саны | Ескеру |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

**Ескерту:** 3 данада құрылады (1-ұйымға, 1- кафедрға, 1- тіркеу офисіне)

Қосымша 2

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

**Диплом алды тәжірибе бағдарламасының орындалуы туралы**
**ЕСЕП**

Тәжірбеден өту орны ___________________________________________________________________

ұйым (банк) аты

Кәсіпорынның мекен – жайы ___________________________________________________________________

Студент ___________________________________________________________________

аты - жөні

Курс, топ ___________________________________________________________________

КМТжИ бойынша тәжірибе жетекшісі ___________________________________________________________________

Қызметі, аты - жөні

Шаруашылық субъектінің тәжірибе жетекшісі ___________________________________________________________________

Қызметі, аты - жөні

Ақтау 2012